

«Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ»  
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМ

БЕКІТЕМІН

Басқарма Төрағасы –  
«Қ. Жұбанов атындағы  
Ақтөбе өңірлік университеті»  
КеАҚ ректоры

\_\_\_\_\_ Л.Карабасова  
«\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2022 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі

**ҰЙЫМ КОНТЕКСТІ**

## Мазмұны

1	Кіріспе .....	3
2	Контекст мақсаты .....	3
3	Ұйымның сипаттамасы .....	4
4	Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын түсіну.....	5
5	«Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ қызметінің сыртқы және ішкі ортасын талдау.....	5
6	Проблемалық сұрақтарды шешу .....	8

## 1. Кіріспе

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ (бұдан әрі - Қоғам) ұйымының контексті Қоғамның стратегиялық құжаты болып табылады, онда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі (бұдан әрі - СЖҚІҚМЖ) тұрғысынан оның қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары айқындалған:

- ✓ ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға, сондай-ақ ғылыми әлеуетті дамытуға бағытталған сапалы білім алу, оқу және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау;
- ✓ халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жоғары сапалы оқыту негізінде Қоғамның іскерлік беделін арттыру;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту жұмыстары, оның алдын алу және сыбайлас жемқорлық көріністеріне қатысты анықтау және шешім қабылдау жұмыстары;
- ✓ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары, сондай-ақ ғылыми-техникалық, инновациялық қызмет, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша кадрлар даярлау;
- ✓ практикалық ұсыныстар әзірлей отырып, бейтарап және объективті әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа зерттеулерді жүзеге асыру;
- ✓ оқу үдерісін, зерттеулерді, тәрбиелік және әлеуметтік-мәдени қызметті қамтамасыз ету үшін баспа және полиграфиялық қызмет;
- ✓ білім және ғылым жүйесін одан әрі дамытуға және жетілдіруге бағытталған инновациялық әдістер, оқыту және зерттеу технологияларын әзірлеуге, сынақтан өткізуге және енгізуге қатысу;
- ✓ Қазақстан Республикасының еншілес және басқа ұйымдарының және шетелдік ұйымдардың қаржы ресурстарын тарта отырып, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, инновациялық және инвестициялық жобаларды ұйымдастыру, қаржыландыру, сондай-ақ білім және ғылым саласындағы жобаларды венчурлық қаржыландыру тетіктері мен инфрақұрылымын қалыптастыруға қатысу;

Егер қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыру үшін уәкілетті органдардың арнайы рұқсаты (лицензиясы) қажет болған жағдайда, Қоғам осы қызмет түрлерін белгіленген тәртіппен тиісті рұқсатты (лицензияны) алғаннан кейін ғана жүзеге асырады.

СЖҚІҚМЖ-ні кезең-кезеңімен интеграциялау және оны сертифициаттау халықаралық білім беру және ғылыми ұйымдармен, отандық мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, саяси партиялармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және азаматтық қоғаммен тиімді өзара іс-қимыл жасау үшін Қоғамға қосымша мүмкіндіктер береді.

## 2. Контекст мақсаты

Ұйымның контексті Қоғамның қазіргі жағдайын талдауға негізделген және келесідей мақсаттар үшін жасалған:

- барлық мүдделі тараптардың талаптары мен үміттеріне жауап беретін көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасын қамтамасыз ету;
- қоғамның жүйелік сапасын және ғылыми-білім беру, зерттеу, ақпараттық-сараптамалық, болжамдық, қоғамдық-саяси және әлеуметтік жұмыстардың практикалық бағытын арттыру;
- жеке тұлғалармен, ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылды жақсарту;
- Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ортаны қалыптастыру;
- көрсетілетін қызметтер нарығында Қоғамның бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

### 3. Ұйымның сипаттамасы

Қоғам дербес әзірленген білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын, білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының арақатынасын, оқуға қабылдау тәртібін, оқу жүктемесінің, оқу, ғылыми, ғылыми-техникалық, зерттеу, кәсіпкерлік, өндірістік-шаруашылық, инновациялық және әдістемелік қызметтің өзіндік нормалары мен нормативтерін, еңбекақы төлеу нысандары мен өлшемдерін дербес айқындайтын білім беру ұйымы мәртебесіне ие.

Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексін, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексін, 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы», 2003 жылғы 2 шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы», 2001 жылғы 16 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы», 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы», 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және Жарғыны басшылыққа алады.

Қоғамның мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде өз атауы көрсетілген мөрі, мөртаңбалары, өз атауы бар бланкілері және оның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып табылады.

Қоғамның құрылтайшысы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қоғам акцияларының 100% мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын жүзеге асыратын тиісті саладағы уәкілетті орган болып табылады.

Қоғам қызметінің мақсаты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу, білім беру және оқыту үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Қоғам қызметінің мәні жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және қосымша білім беру саласында білім беру қызметтерін көрсету болып табылады.

Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

- ✓ жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлау, сондай-ақ іргелі және қолданбалы зерттеулерді қоса алғанда, ғылыми-техникалық, инновациялық қызмет, ғылыми-зерттеу жұмыстары;
- ✓ бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- ✓ білім алушылар мен қызметкерлерге тамақтандыру, тұратын орын, медициналық қызметтер көрсетуді ұйымдастыру;
- ✓ спорттық және мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу, спорттық және шығармашылық секциялар құру;
- ✓ технополистер, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, инновациялық орталықтар, технологияларды коммерцияландыру және трансферттеу орталықтарын және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру.

Қоғамға негізгі қызмет бойынша құжаттарды, оның ішінде конкурстық негізде лауазымдарды ауыстыруды, қызметтер көрсетуді, практикадан өтуді, «бакалавр» және «магистр» дәрежелерін беруді, білім алушыларды ауыстыру мен қайта қалпына келтіруді, академиялық демалыс беруді, үлгерімді, ағымдағы бақылауды, білім алушыларды аралық

және қорытынды аттестаттауды реттейтін құжаттарды дербес әзірлеуге және бекітуге құқық берілді.

Бұдан басқа Қоғам ақылы қызметтер көрсетуге, заңды және жеке тұлғалардан қайырымдылық жарналар тартуға, эндаумент-қор құруға, заңды тұлғалар бюджеттен тыс қаржыландыру көздері есебінен стартап-компаниялар ашуға, басқа елдерде филиалдар құруға құқылы.

Жарғыға сәйкес Қоғамның жалпы басшылығын Директорлар кеңесі жүзеге асырады, оның міндеттеріне лауазымды адамдар мен акционерлер деңгейінде мүдделер қақтығысын қадағалау және жою, оның ішінде қоғамның меншігін заңсыз пайдалану және мүдделілігі бар мәмілелерді жасау кезінде теріс пайдалану кіреді.

Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты басқарма төрағасы – Ректор басқаратын Қоғамның Басқармасы жүзеге асырады.

Қоғамның жоғары басшылығы Қоғамның Басқарма төрағасы – Ректор болып табылады.

PhD бакалавриат, магистратура және докторантура мамандықтары бойынша мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерде білім беру қызметтері көрсетіледі. Университетте ғылыми-зерттеу жұмысы кафедралар мен ғылыми-практикалық орталықтар, өңірлік инновациялар және технологиялар трансферті орталығы, студенттік ғылыми орталық базасында жүргізіледі. Университет практикалық және зертханалық сабақтарды өндіріске ауыстыруға мүмкіндік беретін дуалды оқытуды қолданады.

Қоғамның миссиясы - ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман мен «мінсіз тұлғаны» қалыптастыру.

Қоғамда 2022 жылы Комплаенс офис (кеңсе) құрылды және жұмыс істейді, сондай-ақ келесідей құжаттар әзірленді:

- ✓ Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, сыбайлас жемқорлыққа қарсы нұсқаулық;
- ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бойынша жұмыс жоспары;
- ✓ қызметкерлердің этика ережелері;
- ✓ ішкі аудит бағдарламасы.

#### 4. Мүдделі тараптардың қажеттіліктері мен болжалдарын түсіну

Мүдделі тарап	Сапа менеджменті тұрғысынан мүдделі тараптардың талаптары	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент тұрғысынан мүдделі тараптардың талаптары
Білім алушылар	Сапалы білім; Қоғам қызметкерлерінің кәсібилігінің жоғары деңгейі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент талаптарын сақтау.
Қоғам қызметкерлері	Лайықты еңбекақы деңгейі; Тұрақтылық және мансаптық өсуді қамтамасыз ету; Жеке құзыреттерді дамыту мүмкіндігі.	Ұйымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ортаны қалыптастыру; Қызметкерлердің өз міндеттемелерін орындауы кезінде сыбайлас жемқорлық қызметінің көріністерінің болмауы.
Серіктестер, контрагенттер, Қоғам тұтынушылары	Ашық қызметті жүргізу	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау

#### 5. Қоғамның сыртқы және ішкі ортасын талдау

Қоғам қызметінің сыртқы және ішкі ортасын талдау оның күшті және әлсіз жақтарын, жаңа мүмкіндіктер мен ықтимал қауіптерді анықтауға және жүйелеуге мүмкіндік берді.

##### Қоғамның күшті жақтары:

- Университеттің отандық білім беру нарығындағы академиялық беделі;
- білім беру бағдарламаларын жаңғырту: дуалды оқыту элементтері, Major/Minor бағдарламалары, бірлескен білім беру бағдарламалары, қос дипломды білім беру, көптілді білім беру;
- ЖОО-ның жеткілікті дамыған экожүйесі;
- дамыған ғылыми инфрақұрылымы;
- ЖОО-өндіріс интеграцияланған жүйесі: ББ-ны бірлесіп әзірлеу, практик мамандарды тарту, кафедралардың филиалдары, Мансап және кәсіби даму орталығының жұмысы, кәсіби практика;
- контингенттің жыл сайынғы өсуі;
- білім алушылардың жатақханамен 100% қамтамасыз етілуі;
- академиялық еркіндікті кеңейту;
- қабылданған шешімдердің ашықтығы.

##### Қоғамның әлсіз жақтары:

- Ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі мен коммерциялануының төмен деңгейі;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын әлсіз іске асыру (магистратура және докторантура);
- ағылшын тілінде ББ болмауы;

- магистратураның ББ бойынша қос дипломды білім беру бағдарламасын әлсіз іске асыру;
- докторантурадан кейінгі бағдарламалардың болмауы.

#### **Қоғам үшін мүмкіндіктер:**

- Өңірдің шағын жинақты мектептері үшін қос мамандық бойынша педагог кадрларды даярлау бағдарламасын іске асыру;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жаңа мамандықтарын (магистратура, докторантура және докторантурадан кейінгі) және диссертациялық кеңестерді ашу;
- магистратура мен докторантурада нысаналы орындар санын ұлғайту;
- «Инновациялар паркі» мен «Коммерцияландыру кеңсесінің» жұмысын жандандыру;
- көптілді оқытушылар мен ағылшын тілінде оқытатын арнайы топтарды даярлау;
- өңірдің шаруашылық жүргізуші субъектілерімен байланысты нығайту;
- зияткерлік, ғылыми-техникалық және мәдени шығармашылықты дамыту, студент жастардың еңбек ынтасы мен бастамаларын қолдау;
- университетті Smart University-ге айналдыру және инфрақұрылымды технологиялық жаңарту;
- жан басына шаққандағы қаржыландыруды кезең-кезеңімен енгізу;
- жетекші отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен БББ (СОП) кеңейту;
- бейресми білім беруді дамыту және педагог кадрларды қайта даярлау;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта құру;
- ҚР БЖҒМ гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу үшін өтінімдер санын ұлғайту.

#### **Қоғам қызметіне төнетін қатерлер:**

- Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың мемлекеттік емес көздерінің болмауы;
- ІТ дамуына байланысты күндізгі оқу қажеттілігінің төмендеуі;
- мектеп түлектерінің шетелдік жоғары оқу орындарына кетуі;
- талапкерлердің жоғары цифрлық дағдылары.

## **6. Проблемалық мәселелерді шешу**

Қоғамдағы ағымдағы ахуалды талдау Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджмент жүйесінің (СЖҚІҚМЖ) белгіленген нәтижелеріне қол жеткізу қабілетіне әсер ететін сыртқы және ішкі факторлармен туындаған бірқатар проблемалық мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде проблемалық аймақтарға тиімді жауап беруге және басқаруға мүмкіндік беретін ең маңызды бастамалар анықталды. Оларға мыналар жатады:

- Қоғамның оқу үдерісі мен бизнес-үдерістерін цифрландыру және тиімсіз білім беру технологияларын жою:

- Бағдарламалардың көп бейінділігін ішінара жою және ЖӨӨ (ВРП) құрылымына, ұлттық экономиканың даму конъюнктурасына және еңбек нарығының болжамына нақты бағдарлану:

- Гранттарды тарту, оның ішінде халықаралық, консалтингтік қызметтерді дамыту, ғылыми-зерттеу және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, эндаумент-қор есебінен кірістерді әртараптандыру:

- Жақын және алыс шетелдердің жоғары оқу орындарымен бірлескен білім беру бағдарламаларын кеңейту:

- Модульдік білім беру бағдарламаларын сапалы жетілдіру, бірегей инновациялық бағдарламаларды әзірлеу:

- Материалдық-техникалық базаға инвестицияларды ұлғайту және ПОҚ біліктілігін арттыру;

- HR стратегиясын әзірлеу, талант-менеджментті енгізу;

- Қызмет көрсету сапасын және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тетіктерін енгізу;

- Менеджмент технологияларын жетілдіру.

Қоғамда тапсырыс берушілер мен серіктестердің үлкен тобы бар, олар ҚР білім беру саласындағы үнемі өзгеріп отыратын заңнамалық база жағдайында жұмыс жүргізудің дұрыс және ашық саясатын жүргізуді талап етеді.

Қоғамның қызметіне СЖҚҚМЖ-сін енгізу қоғамның қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ортаны қалыптастыруға қатысты ішкі басқару шешімдерін ретке келтіруге және оңтайландыруға мүмкіндік береді, бұл тұтастай алғанда оның қызметінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттырады, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін сенімнің жаңа кепілдіктерін ұсынады.